## Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздік органдары мен арнаулы қызметтерінің басшылары кеңесінің жетінші мәжілісін өткізуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 5 мамыр N 670

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздік органдары мен арнаулы қызметтерінің басшылары кеңесінің кезекті жетінші мәжілісті 2000 жылы мамырда Қазақстан Республикасында өткізу туралы шешімін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздік органдары мен арнаулы қызметтерінің басшылары кеңесінің кезекті жетінші мәжілісін 2000 жылы 17-20 мамырда Астана қаласында өткізу туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне 2000 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен, қоса беріліп отырған сметаға сәйкес Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздік органдары мен

арнаулы қызметтерінің басшылары кеңесінің жетінші мәжілісін өткізуге қаражат бөлсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 5 мамырдағы
N 670 қаулысына
қосымша

Астана қаласында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздік органдары
мен арнаулы қызметтерінің басшылары кеңесінің
(бұдан әрі - ҚОБК) жетінші мәжілісін өткізуге жұмсалатын шығыстардың

Сметасы

| N р/р | Шығыстардың атауы | Адам саны | Тәулік саны (күн) | Құны (теңге) | Шығыстардың жиыны (теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Делегация басшыларының тұруы | 12 адам | 3 | 1 тәулікке 65988 (20% ҚҚС-ты қоса есептегенде) | 2375568 |
| 2 | Делегация мүшелерінің тұруы | 38 адам | 3 | 1 тәулікке 32148 (20% ҚҚС-ты қоса есептегенде) | 3664872 |
| 3 | ҚОБК-нің Атқарушы бюросы қызметкерлерінің тұруы | 5 адам | 7 | 1 тәулікке 14100 | 493500 |
| 4 | Келіссөздер, мәдени бағдарламаның іс-шаралары кезінде буфеттік қызмет көрсету | 55 адам | 4 күн | күніне 1040 | 228800 |
| 5 | Тамаққа жұмсалатын шығындар: | | | | |
| | - еріп жүретін адамдарды қоса есептегенде делегация басшылары мен мүшелеріне | 55 адам | 4 күн | 1 адамға күніне 4500 | 990000 |
| | - ҚОБК Атқарушы бюросының қызметкерлеріне | 5 адам | 7 күн | 1 адамға күніне 4500 | 157500 |
| 6 | ҚР ҰҚК төрағасының атынан ресми қонақасы | 80 адам | | 1 адамға 6500 | 520000 |
| 7 | Мәдени бағдарламаны қамтамасыз етуге арналған шығыстар | | | | 286000 |
| 8 | Автокөлікті жалдау: | | | | |
| | - өкілдік сыныптағы автомобиль | 12 | 32 сағ. | 1 сағатқа 700 | 268800 |
| | - қолайлы автобус (45 орындық) | 2 | 32 сағ. | 1 сағатқа 700 | 44800 |
| 9 | Мәжіліс залын жалдау | | 3 күн | күніне 282000 | 846000 |

10  Делегациялар басшылары үшін    12 адам        1 адамға
21000        252000
кәдесыйлар мен естелік
сыйлықтар алу
11  ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің 12 дана        бір данасы    9600
үстелге қоятын жалаушалары                    800
12  Отыратын жерлеріне қойылатын   55 дана        бір данасы    63140
куверталар                              1148
13  Байланыс құралдарын (рация)    20 дана        бір данасы    14000
жалдау                                  700
14  Атрибуттарды жасау
- ҚОБК эмблемасы бар жалау     1 дана                        15000
- тіркеу кәртішкесі (бейджик)  55 дана        бір данасы    8250
150
- қол қойылатын құжаттарға     2 дана         бір данасы
арналған хаттамалық папка                   6000          12000
- құжаттарға арналған ҚОБК     55 дана        бір данасы
рәмізі бар папка                            450           24750
- жазуға арналған ҚОБК рәмізі  55 дана        бір данасы
бар қойын дәптер                            350           19250
- ҚОБК рәмізі бар қалам        55 дана        бір данасы    24750
450
- Іскерлік папкасы (былғары    55 дана        бір данасы    117260
орнына жұмсалатын материалдан               2132
жасалған)
------------------------------------------------------------------------
Шығыстардың барлығы                                  10435840

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК